

**Хромтау аудандық мәслихатының 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 173 "Хромтау ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу турал**

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2025 жылғы 31 қазандағы № 383 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 6 қарашада № 37357 болып тіркелді

Хромтау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Хромтау аудандық мәслихатының "Хромтау ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 173 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8573-04 тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Хромтау ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидалары мен мөлшерін айқындау туралы";

көрсетілген шешіммен айқындалған Хромтау ауданында тұрғын үй көмегін көрсету қағидалары мен мөлшерінің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Хромтау ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидалары мен мөлшері";

1-тармақтың 7-абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"Аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық кірісіне шекті жол берілетін шығыстардың үлесі 5 (бес) пайыз мөлшерінде белгіленеді.";

2-тармақтың 2-абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде бір адамға арналған шаршы нормасы бір адамға он сегіз шаршы метр пайдалы алаң, бірақ жалғыз тұратын адам үшін нақты алынатын алаң отыз шаршы метрден аспайды.";

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік корпорациядан құжаттардың толық жиынтығын қабылдаған күннен бастап құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау не бас тарту туралы дәлелді жауап не "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру мерзімі 6 (алты) жұмыс күнін құрайды.".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

